

**Ә. А. Сабырқұлов, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, полиция капитаны  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ақтөбе заң институты)**

**"КРИМИНОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ" АТТЫ КУРСТЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді де, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жана жүйесі құрылуда. Бұл процесс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие процесіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді».

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес мемлекеттік тіл — қазақ тілі болып табылады<sup>1</sup>. Сондықтан еліміздің оқу орындарында пәндер мемлекеттік тілде оқытылып келеді. Оған заң пәндерін жатқызуға болады. Бірақ, заң пәндерін мемлекеттік тілде оқытуда кемшіліктер де кездесіп отыр. Оның себебі оқулықтардың мемлекеттік тілде болмауы және кадрлардың жетіспеушілігі т.б. мәселелер.

Оның ішінде «Криминология» мен «Криминология негіздері» және «Қылмыстың алдын алу шаралары» атты пәндерді оқытуға тоқталуға болады. Аталған курс Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарына қарасты ведомствалық оқу мекемелерінде жиі оқытылады. Себебі құқықтық мемлекетті орнатудағы өзекті мәселелер, жастар арасында құқықты сақтау және құқыққа құрметпен қарау тәрбиесін жүзеге асыру ішкі істер органдарына жүктелетін қызмет. Сонымен қатар, қоғамдағы қылмыстардың және кәмелетке толмағандар арасында қылмыстылықтың өсу деңгейін тоқтату үшін алдын алу мәселесін жетілдіруді талап етеді. Алдын алу жұмысы және қылмыстың алдын алу шаралары құқық қорғау органдарының профилактикалық негізі болып табылады<sup>2</sup>.

Сондықтан «Криминология негіздері» және «Қылмыстың алдын алу шаралары» атты курсты мемлекеттік тілде оқытуды үйренуді жетілдіру үшін біздер келесі шараларды ұсынамыз.

Қандай да тақырып пәніне қарамастан, барлық уақытта дәріс сабағынан басталады. Ал мемлекеттік тілдегі сабағымызды бастамас бұрын, қазақ халқының ұлы перзенті — Абай Құнанбаевтың дәйек сөздерін еске алу орынды болады: «Білмей тұра сұрау — бір сәттік қорлық, білмеу — өмірлік қорлық»<sup>3</sup>.

Онымен қоса, алдымен тыңдаушыларға мемлекеттік тілді, яғни қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарында берілген мәліметтерін жетік түсіну керек. Ал осындай оқулықтардың, оқу құралдарының бүгінгі күнгі аздығы немесе жеткіліксіздігі, әсіресе криминологияның ерекше бөлімін оқытатын мемлекеттік тілдегі құралдардың жоқтығы өзекті проблема болып отыр. Олардың тапшылығын қазақстандық көптеген ғалымдардың қылмыстылықтың жекелеген түрлеріне қатысты криминологиялық зерттеулерінің негізінен орыс тілінде жүргізілуі де, баспадан да солай шығуы куәландырып отыр. Сол себептен оқытушы:

- 1) орыс тіліндегі еңбектерді аударып, сабақ өткізетін материал жинақтауы керек;
- 2) сол материалды тыңдаушыларға жеткілікті жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде жеткізуі керек. Оған қоса одан да басқа сабақтарға дайындалуы, оқу орнының іс-шараларына қатысуы, қоғамдық жұмыстарға ат салысуы да тиіс. Сонымен қатар мемлекеттік тілде сабақ өткізетін оқытушылар саны орыс тілінде сабақ өткізетін оқытушылар санынан

әрқашан аз. Оларға бөлінген қазақ бөлімшелерінің саны керісінше 2-2,5 есеге көп. Тыңдаушылардың өзбетінше дайындалуына ұсынылатын әдебиеттер де дерлік орыс тілінде (қазақ тілінде криминологияның жалпы бөлімі ғана және бар болғаны 2-3 автордікі, қылмыстардың алдын алудан қазақша тіпті жоқ). Оқу орнының ерекшелігіне байланысты (белгіленген күн тәртібі, аумақтан еркін шыға алмау, шаруашылық жұмыстарға тарту) тыңдаушылардың ізденістерін жүзеге асыруына мүмкіншіліктің аздығы да бар<sup>4</sup>.

Бірінші дәріс сабағында тыңдаушылардың назарын ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қызметтік жұмысында кездесетін заң терминдерін мемлекеттік тілде дұрыс қолданылуына ерекше көңіл аударуы керек екендігін атап айту қажет. Ал заң түсінігінің мағынасын мемлекеттік тілде ашуда ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл дегеніміз — заң және мамандық терминдерінің маңызын мемлекеттік тілде түсіндіру жұмыстарында, қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігіне сүйене отырып, «Криминология негіздері және қылмыстық алдын алу шаралары» пәнінің теориялық білімінің деңгейін жоғарылату және оны игеруде арнайы терминдерді озық қолдануға машықтануға себеп болады.

Мемлекеттік тілде сабақ өткізілетін топтардағы тыңдаушылардың сөйлесу және жаза білу деңгейі бірдей емес. Себебі олар Қазақстан Республикасының әртүрлі облыстары мен аймақтардың өкілдері болып табылады. Бәрімізге белгілі біздің мемлекетімізде мемлекеттік тілді енгізу жағдайының аймақтарда айырмашылығы бар. Осы мәселеде мысал ретінде республиканың солтүстік аймағымен, оңтүстік аймағын салыстыру орынды. Яғни, солтүстік аймағында құжат айналымын мемлекеттік тілде жүргізу қарқыны төмен, ал оңтүстікте құжат айналымы толық мемлекеттік тілде өткізілді.

Жоғарыда айтылған тақырыпты түсіндірумен байланысты «Криминология негіздері және қылмыстың алдын алу шаралары» атты курс жүйесіндегі «Кәметке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу шаралары» тақырыбын, әрбір тыңдаушыға жеке түсіндіру қажет.

Осы жағдайда оқу тобын 2 топшаға бөлуге болады. Бірінші топшаға тұрмыста қазақ тілінде қарым-қатынаста болғандарды жатқызуға болады. Екінші топшаға ИМ-нің оқу орнына түсуіне дейін тұрмыста орыс тілінде сөйлейтіндермен қарым-қатынаста болғандарды жатқызуға болады. Осындай бөлу арқылы «Криминология негіздері және қылмыстың алдын алу шаралары» курсының алғашқы кезеңінде оқытуға болады. Сонда ол криминология ғылымындағы арнайы заң терминдеріне сүйене отырып, оң ықпал беретіні сөзсіз. Тыңдаушыларға криминологиялық түсініктердің мемлекеттік және орыс тіліндегі салыстыру кестесін және криминологиялық түсініктердің сөздігін дәптерлерінде жүргізуді ұсыну баға жетпес көмек болар еді. Топты мемлекеттік тілді тұрмыста қолданатындар өлшемі бойынша бөлу кезеңінен кейін мемлекеттік тілді толық меңгеретін тыңдаушымен сөйлеу және жазу деңгейі төмен тыңдаушыны бір партада отырғызғанымыз дұрыс болады. Көрсетілген шара тыңдаушыларды оқыту барысында және пән курсын үйренуде тыңдаушылардың өзара көмектесуі және бір-бірін толтырумен оқу тобындағылардың сабақ үлгерімінің деңгейін жоғарылатуға болады.

Осы әдісті қолдана отырып, тыңдаушылардың арасында мемлекеттік тілді білудің алшақ айырмашылығын төмендетіп, әртүрлі топтағылардың арасында ұжымдық бірлікті және бір-біріне өзара көмектесуі арқылы алға қойған мақсатқа жетеміз.

Біздің тақырыпқа қатысты кәметке толмағандар арасында қылмысты ескерту тәжірибесі, психологиялық аспектілер, балалар мен жасөспірімдер психологиясының арнайы білімдерін зерттеумен үздіксіз байланыста екенін атап өту керек. Осыған байланысты біздің ойымызша, семинар және практикалық сабақтарды психологиялық тренингтерді өткізу артық болмас. Онда тыңдаушыларға оқытушының мысалымен келтірілген тапсырмалары беріледі. Мұндай мысал-жағдайлар ретінде қолданылатын материалдарды кәметке толмаған жасөспірімдермен айналысатындардың тәжірибелік қызметінен алуға кеңес береміз. Тренинг мазмұнында көрнекті психолог ғалымдардың теориялық жағдайлары және балалар мен жұмысқа қатысты психологиялық теориялары және психикалық ерекшеліктері кәметке толмаған құқық бұзушылардың патологиясына кіреді. Сабақта өз алдына «Қалаға ауылдық жерден келген кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылардың алдын алу шаралары және кәметке толмағандарды тікелей сол ауылдық жердің өзінде қылмыстың алдын алу шаралары» деген тақырыбында рөлді ойындарын қолдануды қарау керек<sup>5</sup>. Бұл жағдайда «Басым көпшілігі қалалық жерде тұратын жеке тұлғалар мен топтарды мемлекеттік тілде оқыту үлкен көлемде орыс тілінде сөйлеушілерді қатыстыру және іске қосу қажеттілігі» туындайды.

Жоғарыда аталған іс-шаралар «Криминология негіздері және қылмыстық алдын алу шаралары» курсына «Кәметке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу

шаралары» тақырыбын мемлекеттік тілде оқытуға педагогикалық көзқарас және тақырыпты оқыту ерекшеліктерін қозғайды.

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Астана, 2011. — 86-б.
- 2 Қайыржанов Е. Криминология. — Алматы, 2000. — 389-б.
- 3 Әуезов М. Абай жолы: Роман-Эпопея. Бірінші кітап Абай — Алматы, 2004 - 368-б.
- 4 Мәтжан А.Б. Криминология пәнін мемлекеттік тілде жүргізудің проблемалары. 3-7-б. // Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындары профессорлық-оқытушылық құрамының Криминология негіздері және қылмыстың алдын алу курсы мемлекеттік тілде оқытуды жетілдірудің өзекті сұрақтары» тақырыбындағы оқу-әдістемелік жиынының материалдары (26 қараша). — Ақтөбе, 2010. — 118-б.
- 5 Трифионов В.В. Педагогика. Дәріс курсы. — Алматы, 2003. — 241-б.